



FTAMP 04.51.67

<https://doi.org/10.32523/3080-1702-2025-150-1-75-86>

Шолу мақаласы

Ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдарына қатысты зерттеу жұмыстарына әдеби шолу

Г.Д. Исахова*^{ID}, Д.О. Досмурзаева^{ID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

(E-mail: gulaziaisahova@gmail.com)

Аңдатпа. Ажырасу некенің құлдырау салдарынан туындайтын заңды процесс. Дегенмен, ажырасу салдары бірнеше жылдарға созылуы мүмкін. Әлеуметтік ғылымда неке, отбасы институты туралы білім, ғылыми таным анық және нақты болғанымен, ажырасуға қатысты түсініктер, ғылыми танымдар әлі де болса анық емес. Негізінде неке, отбасы, үй-шаруашылығы түсініктеріне қарағанда «ажырасу» түсінігі қоғамдық таңбалауға көп ұшыраған, сондықтан болар қазірдің өзінде ажырасуға қатысты бір жақты (көбінде негативті) пікірлер әлі де жалғасуда. Неке институт ретінде қалай өзгеріп отырса, ажырасу салдары да көптеген өзгерістерге ұшырауда.

Ажырасу салдары тек бұрынғы ерлі-зайыптылардың және ол отбасыдағы балалардың әл-ауқатына, жалпы қоғамға да әсер етуде. Қазақстандық ажырасқан әйелдер мен балалардың жағдайын жақын тану үшін Қазақстандық қоғамдық даму институтының отбасы, неке және ажырасу тақырыптарына қатысты жүргізілген зерттеу жұмыстарын талдаймыз. Сонымен қатар, осы мақала шеңберінде біз, қазақстандық неке және ажырасу статистикасындағы динамикаларды және ұлттық санақтың нәтижесінен алынған статистиканы саралаймыз. Мақала мазмұнында, ажырасудың салдарын зерттеудегі шетелдік және отандық әдебиеттерге шолу, тақырып бойынша әдебиеттерді синтездеу нәтижесінде әлемдік деңгейде ажырасу тақырыбы не себептен сирек зерттелетін тақырып екендігін ғылыми сұрақ ретінде көтереміз және бұл жағдайға әсер етуі мүмкін факторларды болжаймыз.

Түйін сөздер: неке, ажырасу, ажырасқан әйелдер, балалар, ажырасуды гендерлік талдау, ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдары, толық емес отбасы, ажырасқан отбасы, әйелдер мен балалар әл-ауқаты, әйел басқаратын үй-шаруашылығы, кедейлік феминизациясы.

Кіріспе

Ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдары ажырасқан әйелдердің қаржылық жағдайын төмендетеді [1] және ажырасқан отбасыда бала саны қаншалықты көп болса (отбасы көлемі), соншалықты әйел басқаратын үй-шаруашылығының материалдық қиындықтары көбірек туындайды [2], сонымен қатар ажырасудың салдарынан туындаған әлеуметтік-экономикалық қиындықтар әйелдер мен балалар арасындағы кедейлікті арттырады [3]. Қазақстандық отбасыны зерттеуде алдыңғы қатарда жүрген Қазақстандық қоғамдық даму институты 2024 жылы жарияланған «Қазақстан отбасылары» ұлттық баяндамасында ажырасудың салдары толық емес отбасыларды құрастырады және ол отбасылардың толық отбасыға қарағанда кедейлікке ұшырау қаупі жоғары болады деп баяндайды. Сонымен қатар, ұлттық баяндамада отандық зерттеушілер «Қазақстан толық отбасын қолдағандай, толық емес отбасыларды да кешенді қолдау қажет» деп көрсетеді [4].

Қазақстандағы ажырасу жағдайын статистикалық мәліметтерге сүйене отырып талдайтын болсақ, Қазақстанда ажырасу статистикасы 2000 жылдардан бері екі есеге артқан. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ресми сайтында 2000-2023 жылдар арасындағы ажырасуға қатысты статистикасы жарияланған [5].




Диаграмма 1. 2000-2023 жылдардағы ажырасу көрсеткіші

Ескерту: stat.gov.kz ресми сайтының статистикасы негізінде құрастырған

Диаграмма1 бойынша 2013-2021 жылдары Қазақстанда ажырасудың шарықтау кезеңі болғаны байқалады. Әсіресе, 2019 жылы көрсеткіш 59 796 болды, Covid-19 пандемиясы кезінен кейін төмендей бастаған.

Ажырасудың гендерлік кескінін біз, 2021 жылғы халық санағының нәтижесінде жарияланған «Неке және отбасы» [6] атты зерттеу нәтижесінен көре аламыз.



Диаграмма 2. 2021 жылғы неке мен ажырасудың гендерлік кескіні

Ескерту: 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының нәтижесінде құрастырылған.

Диаграмма 2 бойынша 2009 жылғы көрсеткіш пен 2021 жылғы көрсеткішті қарастыратын болсақ, жалпы некеге тұрғандар мен ажырасқандар бойынша өсім болғанын байқаймыз, ал ажырасу көрсеткішіне келсек сандық тұрғыда көп өзгеріс болмағанын көреміз. Жалпы халық саны бойынша пайыздық мөлшерде қарастыра болсақ, ол жағдай Диаграмм 3 көрсетіледі.




Диаграмма 3. Пайыздық өлшемдегі ажырасудың гендерлік кескіні мен динамикасы

Ескерту: 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының нәтижесінде құрастырылған

Диаграмма 3 бойынша, 2009 жылы шамамен ажырасқан ерлерге қарағанда әйелдер екі есе көп болған, яғни ерлер арасында қайта некеге тұру басым болуы мүмкін дегенді болжаймыз. Ал 2021 жылы бұл көрсеткіш өзгерген, яғни әйелдердің қайта тұрмысқа шығу мүмкіндігі артқан деуге болады. Жалпы бұл сандық көрсеткіштер қазақстандық

шынайылықта ажырасқан ер адамдар қайта неке құруда әйелдерге қарағанда екі есе «мүмкіндікке ие» екенін көрсетеді.

Диаграмма 1,2,3 мәліметтерін қарастыра отырып, бізде келесідей ғылыми сұрақтар туындады, ол, **Қазақстанда ажырасу көрсеткішінің төмендеуі шынында некенің тұрақты бола бастағанын білдіреді ме, жоқ әлде оның басқа себептері бар ма?**

Қазақстандық ұлттық даму институты өз зерттеу жұмыстарында, соңғы он жылдағы некеге тұру көрсеткішінің жалпы төмендеуі 1990 жылдардағы бала туудың төмендеуі кезінде неке жасына жеткен жастардың дүниеге келуімен байланысты деп баяндайды. Сонымен қатар, ресми некелер санының азаюына қазіргі заманғы үрдістерде де ықпал етуде, өйткені көбі тіркеусіз бірге тұруды (азаматтық неке) қалайды. Әлеуметтік өзгерістер мен экономикалық дамуға байланысты неке жасын ұлғайту да өз әсерін тигізуде, жастар білім мен мансапқа көбірек мән беруде. Соңғы жылдары Қазақстанда ажырасудың төмендеу үрдісі байқалды, бұл әртүрлі факторларға байланысты болуы мүмкін, мысалы: қаржылық тұрақтылық, некеге саналы түрде және жауапкершілікпен қарау, неке жасының ұлғаюы және т.б. Қазақстанда бірінші некеге тұрудың орташа жасы өсуде: ерлер үшін 27,8 жас, әйелдер үшін – 25,2 жас, (2023 ж.) [4, 111-112 бб]. Бұл тұжырымдар арқылы, біз неке мен ажырасу көрсеткішіне халықтың демографиялық жағдайы, заңды немесе заңсыз некеге тұру, некеге тұру жасының ұлғаюы әсер ететінін байқауымызға болады.

Мақала мақсаты – ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдарына қатысты зерттеулерге әдеби шолу жасау, тақырып бойынша материалдарды синтездеу, нәтижесінде ажырасқан әйелдер мен олардың балаларының әл-ауқатына талдау жасау.

Негізгі материал

Ажырасу мәселесі өткір әлеуметтік мәселе болса да, әлем бойынша әлі күнге дейін ғылыми дискурста сирек кездесетін тақырып [7]. Тақырыптың аз зерттелуінің бірнеше себебі болуы мүмкін. Біз бұл жағдайды, ажырасуға қатысты зерттеу жұмыстарымен таныса отырып оқырмандарға бірнеше болжам ретінде ұсынамыз. Біздің тұжырым бойынша, ажырасу мәселесіне ғалымдардың ғылыми қызушылықтарын таныту немесе олардың назарынан тыс қалуына әсер ететін бірнеше факторлар болуы мүмкін. Олар:

Біріншіден, ажырасу статистикасы жылдам көтерілген кезде ғана зерттеушілердің сол мәселеге ғылыми қызығушылық танытуы. Мысалы ретінде Азия елдерін қарастырар болсақ, Шығыс Азия елдерінде 1980 жылдан бері ажырасу тұрақты түрде өсіп отыр. Ал, Жапония, Оңтүстік Корея және Гонконгта ажырасудың жоғарлау тенденциясы 1990 жылдан бастап байқалған. Ажырасу санының күрт өсуі Оңтүстік Кореяда 1995-2000 жылдар аралығында болған - бұл кезеңді жергілікті зерттеушілер Азиядағы қаржылық дағдарыс кезеңімен байланыстырады. Осы кезеңдерде ғана ғалымдар Азиядағы ажырасу туралы көптеген еңбектер жариялай бастаған [8]. Демек, статистикалық көрсеткіш ғылымның зерттеу нысанына әсер ететін бірден-бір фактор екендігін айта аламыз. Егерде ажырасу статистикасы төмен болатын болса, онда зерттеушілердің назарынан тыс қалу қаупі артуы әбден мүмкін.

Екіншіден, ажырасу тақырыбына қатысты ғылыми зерттеулердің арасындағы пәнаралық байланыстың әлсіз болуы. Көптеген ғылыми еңбектер ажырасудың маңызды аспектілерін және оның әйелдерге әсерін қамтиды, бірақ бұл жұмыстар әртүрлі салаларда шашыраңқы болып қала береді [9]. Ажырасу салдарының әйелдерге әсері туралы еңбектер көбінде ажырасқан әйелдердің психологиялық күйзелістері, олардың депрессияға ұшырауы, копинг-стратегиялары, жалпы ажырасудың салдарына психологиялық бейімделудегі қиын жағдайлар тарапынан қарастырылады. Ал, ажырасқан әйелдердің үй-шаруашылығы, әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты туралы тақырыптар қазақстандықшынайылықта әлі де ашық қалып отырған тақырыптардың бірі. Әдебиеттерде, ажырасудың әр елде әртүрлі аспектілерін зерттейді, мысалы, АҚШ пен Еуропа елдерінде ажырасудың әлеуметтік, психологиялық және экономикалық салдарына көбірек назар аударса, ал Азия елдерінде ажырасудың салдарына қарағанда себептеріне көбірек назар аударады. Бұл тенденция елдің экономикалық, әлеуметтік дамуымен де байланысты болуы мүмкін.

Үшіншіден, ажырасу мәселесінің жаңа зерттеу алаңы болуына байланысты бұл тақырыптың енді зерттеле бастауы. Ажырасу XX ғасырдың 1960-1980 жылдары Батыс Еуропа [10] және АҚШ [11], 1980 жылдар мен 2000 жылдар аралығында Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Азияда елдерінде [12] статистика тұрғысында жылдам әрі қарқынды түрде арта бастады. Батыс Еуропа және АҚШ елдерінің өзінде 1960 жылдарың соңында ажырасудың себеп-салдарын бағалау бойынша зерттеу жұмыстары жариялана бастады.

Ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдары АҚШ және Батыс Еуропа елдерінде, соңғы жылдары Азия елдерінде ажырасу статистикасының көтерілуіне байланысты, үй-шаруашылығына қатысты панелдік және лонгютивті зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып зерттелуде. АҚШ және Батыс Еуропа елдеріндегі ажырасуға қатысты трендтер Азия елдеріндегі ажырасу жағдайларынан ерекшеленетінін зерттеушілер алға тартуда. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, Азия елдеріндегі дәстүрлі салттар, әйелдердің статусы мен діннің әсері ұзақ уақыт бойы ажырасуды тежеп келгенін айтады. Сондықтан, Азия елдеріндегі ажырасу статистикасының төмен болуы, ажырасудың қолжетімсіз болуынан туындап отырған жағдай болуы мүмкін. Мысалы, ажырасуға қатысты діни және дәстүрлі тиымдардың жоғары болуы немесе ажырасу таңбасының мықты болуы немесе заңның жұмсақ болуы [13] ажырасу статистикасының төмен болуына әсер етеді. Сондықтан, ажырасу тақырыбы қоғамдағы өзге әлеуметтік мәселелерге қарағанда салыстырмалы тұрғыда әлеуметтік ғылым үшін жаңа зерттеу алаңы.

Төртіншіден, ажырасуға қатысты стигманың жылдам эрозияға ұшырауы. Отбасы институтына қатысты құндылықтардағы өзгерістер ажырасуға қатысты көз-қарасты тез жұмсартты [14]. Ол өз кезегінде ғылыми қызығушылықтың азаюына әсер етуі мүмкін. Кейде күнделікті тіршіліктегі мәселелер зерттеушілердің, қоғам белсенділерінің «тақырыпты айналып өтуіне» әкелуі мүмкін.

Ажырасу неке сияқты көне түсінік болғанымен зерттеу алаңына айналуға көптеген өзіндік кедергілері бар тақырып. Жоғарыда келтірген факторлар бір-біріне қарама-

қайшы келсе де, ғалымдардың еңбектері бізді осындай болжамдарға итермелейді. Ажырасу кешенді, үнемі қайталанатын зерттеуді қажет ететін тақырып. Сондықтан, неке институты секілді ажырасу да уақыт өте келбетін өзгертіп отыратын феномен.

Біз, ажырасуға қатысты зерттеулер жоқ немесе өте аз деп есептемейміз, біз көтеретін мәселе, ол ажырасудың салдарына қатысты зерттеулердің жүйесіздігі. Кейбір авторлар ажырасу тақырыбына қатысты зерттеулерді жинақтап, метаталдау және библиометриялық талдау жасаған. Amato және Keith (1991) өздерінің метаталдау жұмысында ғалымдар осы уақытқа дейін өз еңбектерінде ажырасу салдарының ересектерге әсері туралы келесідей бағыттар бойынша зерттеулер жүргізген деп көрсетеді. Бұл салалар келесідей: психологиялық бейімделу (әл-ауқат); денсаулық (физикалық және психологиялық); әлеуметтік бейімделу (әлеуметтік байланыс пен жалғыздық); экономика (кіріс және кедейлік); мінез-құлық бейімделуі (маскүнемдік, нашақорлық, зорлық-зомбылық); ата-ана міндеті (бала және ата-ана көз-қарасы бойынша); және көбінде баланы асырауға алу бойынша сұрақтар (заңды да тұлғалық та) және білім деңгейі. Жалпы, ажырасудың салдары ересектерге қысқа мерзімде немесе ұзақ мерзімде әсер етуі мүмкін[15] деп тұжырымдайды.

Сонымен қатар, зерттеу саласындағы технологиялық жетістіктер зерттеу жұмыстарымен жүйелеп танысуға мүмкіндіктер беруде. Sujatha Giridhar Elisetty, Ravi Shanker Datti [16] өз зерттеулерінде ажырасуға қатысты, соның ішінде ажырасқан әйелдерге қатысты зерттеулер қаншалықты жүйелі жазылып жүргенін және ажырасуға қатысты қандай зерттеу тақырыптар бар екендігін анықтау мақсатынды Vosviewer және R негізіндегі Bibliometrix көмегімен алғашқылардың бірі болып библиометриялық талдау жасаған. Авторлар библиометриялық талдау жасау үшін дерек қоры ретінде Scopus деректер базасын қолданған, дегенмен олар өз еңбегінде ажырасуға қатысты барлық дерекқорларды біріктіріп талдау мүмкін емес екендігін мойындайды.

Sujatha Giridhar Elisetty, Ravi Shanker Datti 1967–2023жылдар аралығында ажырасқан әйелдерге қатысты Scopus деректер базасында 435 ғылыми жарияланымдар бар екендігін анықтайды. Бұл зерттеудің ерекшелігі, ажырасқан әйелдерге қатысты ғылыми зерттеулердің қай аспектілерді көбірек зерттейтіндігін анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар осы саланы зерттеудегі авторларды анықтауға болады. Соңғы жылдары ажырасу және ажырасудың әйелдерге әсерін зерттеуде белсенді еңбектерін жариялағандар, солардың ішінде атақты авторлар Butrica Barbara, A., Duffy Mary. E., және Molina Olga. Butrica Barbara.A. нәсілдік және этникалық мәселелерге назар аудара отырып, ажырасқан әйелдердің зейнетке шығу перспективалары мен экономикалық әл-ауқатын жан-жақты зерттеген. Duffy Mary. E жақында ғана ажырасқан әйелдердің тәжірибесі мен қиындықтарын, олардың әлеуметтік желілерін, әлеуметтік қолдау жүйелерін, олардың ажырасу туралы ойларын, жеке мақсаттарын және бала тәрбиелеу кезінде олардың денсаулығына әсер ететін факторларды зерттеген. Molina Olga афроамерикандық ажырасқан, жұмыс жасайтын әйелдердің қиындықтары мен тәжірибелерін, ажырасу салдары мен оларды әлеуметтік қолдау бағдарламаларын зерттеген.

Giridhar Elisetty және Ravi Shanker Datti айтуынша, Smock Pamela.J дәйексөз ең көп алған автор, ол отбасылық жағдайы ажырасқан әйелдердің қаржылық жағдайына қалай

әсер ететіндігін зерттеген, сонымен қатар неке бұзылудағы қаржылық шығындар мен қаржының тең бөлінбеу мәселелерін және ажырасқаннан кейін әйелдердің экономикалық қиындықтарын зерттеп, жариялаған. Аталған зерттеуде, ажырасуға қатысты көп тақырыптар ажырасудың экономикалық салдарынан гөрі, психологиялық салдарына көп назар аударылған. Бұл өз кезегінде, ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдарын, оның әйелдер мен балаларға әсерін терең зерттейтін жұмыстардың қажет екендігін көрсетеді.

Отандық әлеуметтанулық зерттеу жұмыстарында ажырасудың салдарын шартты түрде үш топқа бөліп көрсетеді, олар: 1) қоғам үшін салдары; 2) ажырасқандардың өздеріне салдары; 3) балалары үшін салдары [17]. Ажырасудың қоғам үшін салдары макро деңгейде қоғамның демографиясына, экономикасына және әлеуметтік жағдайына тигізер әсері болуы мүмкін, ал өздеріне қатысты салдары жеке өміріндегі өзгерістер (көшіп-қону, жаңа орынға ауысу т.б.), балаларға қатысты салдары ол тәрбие мен оқу үлгерімі және материалдық жағдайлармен қатысты болады.

Соңғы жылдары Қазақстанда ажырасудың салдарын зерттеуді қолға алуда. «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» 2021 жылы «Ажырасу және оның салдары» атты әлеуметтанулық зерттеу жүргізді. Зерттеу Қазақстан бойынша 64 ажырасқан адамдар арасында тереңдетілген сұқбат әдісін қолдану арқылы жүзеге асқан. Зерттеудің негізгі мақсаты ажырасудың себебі мен салдарын анықтау, некеге тұруға дейінгі белгілерді тану және ажырасу салдарын терең зерттеу болды. Зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандық ажырасу себеп-салдарына қатысты анықталған жағдайлар:

- ажырасудың негізгі себептері объективті (жұбайының маскүнемдігі, ерлі-зайыптылықтың сенімсіздігі, туыстарының араласуы) және субъективті себептер болып табылады;
- ажырасқаннан кейінгі бастапқы уақытта күйзеліс пен депрессияның белгілі бір белгілерін сезінеді, бірақ болашақта олар өздерінің материалдық және әлеуметтік мәртебесін жақсарту стратегиясын қалыптастырады;
- қайта некеге тұруға және басқа да бала болғанын қалауына бұрынғы сәтсіз некенің тәжірибесі, балалардың болуы кедергі болмайды және бұл неке/репродуктивті мінез-құлық динамикасын көрсетеді;
- ер адамдар әйелдерге қарағанда қайта неке құруға көбірек қызығады;
- ер адамдар мен әйелдердің ажырасудан кейінгі мінез-құлқы көбінесе әртүрлі: негізінен, жаңа ресми қатынастарға түсетін ер адамға қарағанда, әйелдерде баламен қалу себебінен неке құру мүмкіндігі төмен болады;
- ер адамның арасында маскулинділік феноменінің белгілері бар, ол ажырасқаннан кейін әйелге реніш пен кінә тағу көріністерінен тұрады;
- ажырасудың респонденттердің өзін-өзі бағалауына ықпалы әртүрлі, ол жеке қабылдау мен басымдылыққа байланысты;
- ажырасудың бастамашылары, әдетте, әйелдер. Ажырасудан кейінгі кезеңі бір жылдан аз уақыт болған әйелдер әлдеқайда ертерек ажырасқандарға қарағанда күйзелістің ең жоғары деңгейінде болады;

- ер адамдар үш себепке байланысты ажырасады: әйелінің опасыздығы, «екінші» отбасын құру және туыстарының араласуы;
- гендерлік қатынас ажырасуды қабылдауға және оның салдарына белгілі бір дәрежеде ықпал етеді;
- бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қарым-қатынас негізінен теріс түрде жүреді немесе өте шектеулі болады;
- респонденттердің басым көпшілігі отбасылық жанжалдар мен ажырасу жағдайында психологтарға жүгінуді ұсынады;
- ажырасқан респонденттердің балалар үшін отбасын сақтау қажеттілігін атап өтуі өте сирек жағдай [17, 68-69 б.б].

Сонымен қатар, 2024 жылы «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ «Берекелі отбасының қалыптасуына әсер ететін факторлар» атты далалық әлеуметтанулық зерттеу жүргізді. Зерттеу өте ауқымды болған, аймақ бойынша 17 өңір, 2400 респондент тартылған. Ажырасқан адамдар басқалармен салыстырғанда (үйленген-тұрмыста, бейресми неке, жесір) отбасыда әртүрлі қиындықтар болатынын және олардың жиі қайталанатынын жеткізген. Ажырасқан адамдар жиі кездесетін қиындықтар тізбегі: ақша тапшылығы, күрделі материалдық проблемалар, шаршау, шамадан тыс жұмыс, бос уақыттың болмауы т.б [18].

Қорытынды

Ғылыми әдебиеттерге шолу жасау арқылы, біз ажырасудың зерттеу алаңы мен қоғамдық феномен ретіндегі заманауи жағдайын анықтадық. Сонымен қатар, мақала шеңберінде қойылған зерттеу сұрақтарына зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып жауап беруге тырыстық. Жоғарыда айтылғандай, ажырасу өте өзекті мәселе, ол жеке адам, бала және қоғам үшін кешенді мәселелерді туындататын құбылыс. Мақалада, ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдары тұрақты зерттеу мен дұрыс тануды қажет ететін мәселе екені әдеби шолудың нәтижесінде анықталды. Сонымен қатар, мақаланы ажырасқан әйелдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы тереңдетілген далалық зерттеулерді қажет етеді деп қорытындылаймыз. Шетелдік және отандық ажырасуға қатысты зерттеулерде тұжырымдалған ажырасудан кейінгі қаржылық қиындықтар шын мәнінде ажырасқан әйелдердің өмірге қанағаттануына қаншалықты әсер ететінін талқылайтын отандық зерттеу жұмыстары қажет. Ол бізге ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдарын дұрыс тануға үлкен мүмкіндіктер береді.

Авторлардың қосқан үлесі

Г.Д.Исахова – жұмыстың концепциясын және мәтінін жазу, әдебиеттерге шолу жасау, материалды редакциялау.

Д.О.Досмурзаева – мәтінді жазу, зерттеу негізінде алынған нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау.

Әдебиеттер тізімі

1. Gülçin Cebecioğlu, İpek Beyza Altiparmak The Role of Women's Socio-Economic Status in Divorce Decision. Journal of Abant Social Sciences 2023, 23(3): 1854-1872 pp. DOI:10.11616/asbi.1330119
2. Zachary van Winkle, Thomas Leopold Family size and economic wellbeing following divorce: The United States in comparative perspective. Social Science Research, 2021, 96, pp. . DOI:10.1016/j.ssresearch.2021.102541
3. MEStarrels, SBould, LJNicholas The feminization of poverty in the United States: Gender, race, ethnicity, and family factors Journal of Family Issues, 1994, 590-607 pp. DOI:10.1177/019251394015004005
4. «Қазақстан отбасылары» ұлттық баяндамасы/О.Т.Бейсенбаев, О.В.Николаева, А.Т.Дюсенова, О.Ж.Төремұрат, А.Б.Иманқұл, А.Б.Куанышбаева, Г.Т.Илеуова, А.З.Сагынбаева, А.Н.Родионов, С.А.Калиева, А.Д.Макатова, Б.К.Ермекбаева. – Астана қ.:Indesign studio, 2024. 360 б.
5. <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/demography/>
6. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Неке және отбасы/ қазақ және орыс тілдерінде / 2023 жыл, 145 бет.
7. Tomás Cano1, Pablo Gracia The Gendered Effects of Divorce on Mothers' and Fathers' Time with Children and Children's Developmental Activities: A Longitudinal Study. European Journal of Population (2022) 38:1277–1313. DOI:10.1007/s10680-022-09643-2
8. Premchand Dommaraju, Gavin W. Jones Divorce Trends in Asia. Asian Journal of Social Science 39 (2011) 725–750 pp. DOI:10.1163/156853111X619201
9. Sujatha Giridhar Elisetty, Ravi Shanker Datti Research trends on the intricate dimensions of divorce among women: A bibliometric analysis. Women's Studies International Forum. 2025, 108. DOI:10.1016/j.wsif.2024.103028
10. Gleen Sandstrom, Maria Stanfors Growing More Equal and Growing Apart? Socioeconomic Status and the Rise of Divorce in Sweden. Lund papers in economic demography 2020:4, 46. DOI:10.1016/j.wsif.2024.103028
11. W. Bradford Wilcox The Evolution of Divorce. National affairs N62 Winter 2009, 81-94. сілтеме: <https://ohiofamilyrights.com/Reports/Reports/Special-Reports-Page-4/The-Evolution-of-Divorce.pdf>
12. Premchand Dommaraju and Gavin Jones Divorce Trends in Asia. Asian Journal of Social Science 2011, 725–750. DOI:10.1163/156853111X619201
13. Jane M. Binner and Antony W. Dnes Marriage, divorce, and legal change: new evidence from England and Wales. Economic Inquiry (ISSN 0095-2583) Vol. 39, № 2, April 2001, 298–306. DOI: 10.1111/j.1465-7295.2001.tb00067.x
14. Dr.A.Shaji George, Sabina Mamedova Celebrating Self-Love: Women's Customized Divorce Rings as Symbols of Resilience and Renewal. Partners Universal International Innovation Journal (PUIJ) Volume: 02 Issue: 05 | September-October 2024. DOI:10.5281/zenodo.13996895
15. Dimitri Mortelmans Causes and consequences of family dissolution in Europe and post-divorce families. doi.org/10.4337/9781788975544.00024
16. Sujatha Giridhar Elisetty, Ravi Shanker Datti Research trends on the intricate dimensions of divorce among women: A bibliometric analysis. Women's Studies International Forum 2025, 108. DOI:10.1016/j.wsif.2024.103028
17. «Ажырасу және оның салдары» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп / Д.М. Айкенова – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2021. – 150 б.

18. «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ «Берекелі отбасының қалыптасуына әсер ететін факторлар» Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдау есебі. Астана, 2024. 100б.

Г.Д. Исахова, Д.О. Досмурзаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Литературный обзор исследований социально-экономических последствий развода

Аннотация. Развод – это юридический процесс, возникающий в результате распада брака. Однако последствия развода могут длиться годами. В то время как знание и научное понимание института брака и семьи в социальных науках ясны и точны, познание и научное понимание развода все еще неясны. На самом деле, понятие «развод» подверглось большей социальной стигматизации, чем понятия брака, семьи и домашнего хозяйства, и, вероятно, именно поэтому предвзятые (в основном негативные) мнения о разводе все еще сохраняются. Так же, как институт брака развивается, последствия развода претерпевают множество изменений.

Последствия развода сказываются не только на благополучии бывших супругов и детей в этой семье, но и на обществе в целом. Чтобы лучше понять положение разведенных женщин и детей в Казахстане, мы проанализируем исследования, проведенные Казахстанским институтом общественного развития по темам семьи, брака и развода. Кроме того, в рамках данной статьи мы анализируем динамику казахстанской статистики брачности и разводимости, а также статистические данные, полученные по результатам национальной переписи населения. В статье проводится обзор зарубежной и отечественной литературы по изучению последствий развода, синтезируется литература по теме, поднимается научный вопрос о том, почему тема развода редко изучается в мире, а также предлагаются факторы, которые могут влиять на данную ситуацию.

Ключевые слова: брак, развод, разведенные женщины, дети, гендерный анализ разводов, социально-экономические последствия разводов, неполные семьи, разведенные семьи, благополучие женщин и детей, домохозяйства, возглавляемые женщинами, феминизация бедности.

G.D. Issakhova, D.O. Dosmurzayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

A literature review of studies on the socioeconomic consequences of divorce

Abstract. Divorce is a legal process that occurs when a marriage breaks down. However, the effects of divorce can last for years. While the knowledge and scientific understanding of the institution of marriage and family in the social sciences are clear and precise, the understanding of divorce remains less developed. In fact, the concept of divorce has been subject to more social stigma than the concepts of marriage, family, and homemaking, and this is probably why preconceived (mostly negative) opinions about divorce still persist. Just as the institution of marriage evolves, the consequences of divorce also undergo many changes.

The consequences of divorce affect not only the well-being of the former spouses and children in the family, but also society as a whole. To better understand the situation of divorced women and children in Kazakhstan, we will analyze research conducted by the Kazakhstan Institute of Social Development on the topics of family, marriage and divorce. In addition, within the framework of this article, we analyze the dynamics of Kazakhstan's marriage and divorce statistics, as well as statistical data obtained from the results of the national population census.

Key words: marriage, divorce, divorced women, children, gender analysis of divorce, socio-economic consequences of divorce, single-parent families, divorced families, well-being of women and children, female-headed households, feminization of poverty.

References

1. Gülçin Cebecioğlu, İpek Beyza Altiparmak The Role of Women's Socio-Economic Status in Divorce Decision. *Journal of Abant Social Sciences* 2023, 23(3): 1854-1872 pp. DOI:10.11616/asbi.1330119
2. Zachary van Winkle, Thomas Leopold Family size and economic wellbeing following divorce: The United States in comparative perspective. *Social Science Research*, 2021, 96, pp. . DOI:10.1016/j.ssresearch.2021.102541
3. ME Starrels, S Bould, LJ Nicholas The feminization of poverty in the United States: Gender, race, ethnicity, and family factors *Journal of Family Issues*, 1994, 590-607 pp. DOI:10.1177/019251394015004005
4. «Qazaqstan otbasylary» ulttyq baıandamasy/O.T.Beisenbaev, O.V.Nikolaeva, A.T.Dúsenova, O.J.Tóremurat, A.B.Imanqul, A.B.Kýanyshbaeva, G.T.Ileýova, A.Z.Sagynbaeva, A.N.Rodionov, S.A.Kalıeva, A.D.Makatova, B.K.Ermekbaeva. – Astana q.:Indesign studio, 2024. 360 b.
5. <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/demography/>
6. Qazaqstan Respýblikasy Strategialyq josparlaý jáne reformalar agenttigi Ulttyq statistika búrosy Neke jáne otbasy/ qazaq jáne orys tilderinde / 2023 jyl, 145 bet.
7. Tomás Cano¹, Pablo Gracia The Gendered Effects of Divorce on Mothers' and Fathers' Time with Children and Children's Developmental Activities: A Longitudinal Study. *European Journal of Population* (2022) 38:1277–1313. DOI:10.1007/s10680-022-09643-2
8. Premchand Dommaraju, Gavin W. Jones Divorce Trends in Asia. *Asian Journal of Social Science* 39 (2011) 725–750 pp. DOI:10.1163/156853111X619201
9. Sujatha Giridhar Elisetty, Ravi Shanker Datti Research trends on the intricate dimensions of divorce among women: A bibliometric analysis. *Women's Studies International Forum*. 2025, 108. DOI:10.1016/j.wsif.2024.103028
10. Gleen Sandstrom, Maria Stanfors Growing More Equal and Growing Apart? Socioeconomic Status and the Rise of Divorce in Sweden. *Lund papers in economic demography* 2020:4, 46. DOI:10.1016/j.wsif.2024.103028
11. W. Bradford Wilcox The Evolution of Divorce. *National affairs* N62 Winter 2009, 81-94. сілтеме: <https://ohiofamilyrights.com/Reports/Reports/Special-Reports-Page-4/The-Evolution-of-Divorce.pdf>
12. Premchand Dommaraju and Gavin Jones Divorce Trends in Asia. *Asian Journal of Social Science* 2011, 725–750. DOI:10.1163/156853111X619201
13. Jane M. Binner and Antony W. Dnes Marriage, divorce, and legal change: new evidence from England and Wales. *Economic Inquiry* (ISSN 0095-2583) Vol. 39, № 2, April 2001, 298–306. DOI: 10.1111/j.1465-7295.2001.tb00067.x

14. Dr.A.Shaji George, Sabina Mamedova Celebrating Self-Love: Women's Customized Divorce Rings as Symbols of Resilience and Renewal. Partners Universal International Innovation Journal (PUIJ) Volume: 02 Issue: 05 | September-October 2024. DOI:10.5281/zenodo.13996895

15. Dimitri Mortelmans Causes and consequences of family dissolution in Europe and post-divorce families. doi.org/10.4337/9781788975544.00024

16. Sujatha Giridhar Elisetty, Ravi Shanker Datti Research trends on the intricate dimensions of divorce among women: A bibliometric analysis. Women's Studies International Forum 2025, 108. DOI:10.1016/j.wsif.2024.103028

17. «Aıyrasý jáne onyń saldary» áleýmettanýlyq zertteý nátiıeleri boıynsha talıdamalyq esep/D.M. Aıkenova – Nur-Sultan: «Rýhanı jańǵyrý» qazaqstandyq qoǵamdyq damý institúty KeAQ, 2021. – 150 b.

18. «Qazaqstandyq qoǵamdyq damý institúty» KeAQ «Berekeli otbasynyń qalyptasýyna áser etetin faktorlar» Áleýmettanýlyq zertteý nátiıeleri boıynsha taldaý esebi. Astana, 2024. 100b.

Авторлар туралы мәлімет

Г.Д.Исахова – хат-хабар үшін автор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, аға оқытушы, 010008, Сәтбаев көшесі 2, Астана, Қазақстан

Д.О.Досмурзаева – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, аға оқытушы, 010008, Сәтбаев көшесі 2, Астана, Қазақстан

Сведения об авторах

Г.Д.Исахова – автор-корреспондент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, старший преподаватель, 010008, ул. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан.

Д.О. Досмурзаева – Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, старший преподаватель, 010008, г. Астана, ул. Сатпаева, 2.

Information about authors

G.D. Issakhova – Corresponding Author, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Satpayev St., 2, Astana, Kazakhstan

D.O. Dosmurzaeva – Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, Satpayev St., 2.